

Талдықорған қалалық мәслихатына № 1 сайлау округі бойынша депутаттыққа кандидаттардың сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жай беру туралы және үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы

Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 26-953 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылы 02 қазанда № 2861 болып тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 2-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 28-бабының 4, 6-тармақтарына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Талдықорған қалалық мәслихатына № 1 сайлау округі бойынша депутаттыққа кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін № 1 қосымшаға сәйкес шарттық негізде үй - ж а й б е р і л с і н .

2. Талдықорған қалалық сайлау комиссиясымен (келісім бойынша Дәулет Әбдібекұлы Жүнісов) бірлесіп, Талдықорған қалалық мәслихатына № 1 сайлау округі бойынша депутаттыққа кандидаттар үшін № 2 қосымшаға сәйкес үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгіленсін.

3. "Талдықорған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Малдыбай Молдабайұлы Қалиев) Талдықорған қалалық мәслихатына №1 сайлау округі бойынша депутаттыққа кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін белгіленген орындар стендтермен, тақталармен, тұғырлықтармен ж а р а қ т а н д ы р с ы н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімі аппаратының басшысы Мәрлен Қапашұлы К ө л б а е в қ а жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Е. Алпысов

КЕЛІСІЛДІ:

комиссиясының төрағасы

*Талдықорған қалалық сайлау
Даулет Әбдібекұлы Жүнісов*

Қала әкімдігінің 2014 жылғы "23" қыркүйек
"Талдықорған қалалық мәслихатына
№ 1 сайлау округі бойынша депутаттыққа
кандидаттардың сайлаушылармен кездесуі
үшін үй-жай беру туралы және үгіттік баспа
материалдарын орналастыру үшін орын
белгілеу туралы" № 26-953 қаулысына
№ 1 қосымша

**Талдықорған қалалық мәслихатына № 1 сайлау округі бойынша депутаттыққа
кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде берілетін
ҮЙ-ЖАЙЛАР**

1.Талдықорған қаласы, Белов көшесі, № 123, Островский атындағы № 8 орта
мектебінің акті залы.

2. Талдықорған қаласы, Мойнақ ауылы, Ақбұлақ көшесі, № 23, № 23 орта
мектебінің акті залы.

Қала әкімдігінің 2014 жылғы
" 23 " қыркүйек
"Талдықорған қалалық мәслихатына
№ 1 сайлау округі бойынша депутаттыққа
кандидаттардың сайлаушылармен кездесуі
үшін үй-жай беру туралы және үгіттік баспа
материалдарын орналастыру үшін орын
белгілеу туралы" № 26-953 қаулысына
№ 2 қосымша

**Талдықорған қалалық мәслихатына № 1 сайлау округі бойынша
депутаттыққа кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын
орналастыру үшін
ОРЫНДАР**

1. Талдықорған қаласы, Ярославский көшесі, № 6, Талдықорған
гуманитарлық-техникалық колледждің маңындағы тақта.

2. Талдықорған қаласы, Мойнақ ауылы, Ақбұлақ көшесі, № 23, № 23 орта мектеп
маңындағы тақта.

